

№ 1720 болып тіркелген "Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 8 маусымдағы № 173 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 18 маусымда тіркелді. Тіркеу № 2904. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы № 167 бұйрығына енгізілген өзгерістері бар (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 2083 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, № 4, 784-құжат), Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы № 154 бұйрығына енгізілген өзгерістері бар (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 2878 болып тіркелген) "Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 1720 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған 2002 жыл, № 7-8, 542-құжат), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерінде:

3 - т а р м а қ т а :

"арнайы бөлім және медициналық бөлім қызметкерлерімен бірлесіп" деген сөздер "арнайы бөлім мен медициналық бөлім қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуымен" сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алынып тасталсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Дене жарақаттары анықталған факті туралы кешіктірілмей жазбаша түрде қадағалаушы прокурорға хабарланады.";

10-тармақтың 10) тармақшасында "сотталғандардың" сөзінен кейін ", түрмеде , камералық үлгідегі үй-жайда отырған сотталғандарды және өмір бойы бас бостандығынан айыруға және өлім жазасына сотталғандарды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

9) тармақшада "пайдалануына" сөзінен кейін ", лақап ат беруге және сол арқылы басқа сотталғандармен байланысуға" деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақшада "азық-түліктерді" деген сөзден кейін ", ыдыс-аяқтарды" деген сөзбен толықтырылсын;

29-тармақта "график бойынша," деген сөздердің алдынан "сотталғандардың назарына жеткізілетін" деген сөздерімен толықтырылсын;

61-тармақтағы "не болмаса соттың шешімімен жойылады" деген сөздер алынып тасталсын;

65-тармақ "және" деген сөзден кейін "ТМ-нің қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға бағытталғандарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

Сотталғандарға өздерімен бірге ұстауға, посылкалармен, сәлемдемелермен, бандерольдермен алуға, түзеу мекемелерінің дүкендерінен сатып алуға рұқсат етілетін заттар мен бұйымдардың тізбесінде:

он алтыншы абзацтағы "арбалар" деген сөзден кейін ", қымбат бағалы емес металдардан жасалған оправасы бар көзәйнектер, контактілік линзалар және оларды күтіп-баптау құралдары" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы абзацпен толтырылсын:

"Телефонның Smart-карталары";

4 - қ о с ы м ш а д а :

Сотталғандар үшін омырауға және қолға тағатын айыру белгілерінің ү л г і с і н д е :

"20" және "80" деген сандар тиісінше "80" және "300" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

Сотталғандар үшін омырауға және қолға тағатын айыру белгілерінің с и п а т т а м а с ы н д а :

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"лента" деген сөз "жұмыс орынында ғана тағылып байланатын шүберек" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"20x80" деген сандар "80x300" деген сандармен ауыстырылсын; төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Омырау белгілері киімге кеуденің оң жағына тігіледі, қолға тағатын белгілер сол қолдың жеңіне тағылады";

1 0 - қ о с ы м ш а д а :

Сотталғандарға кездесулер, телефонмен сөйлесулер, посылкалар, бандерольдер беру тәртібі және ұсталу жағдайы бойынша дүкеннен товар алудың тиістілік нормасы жөніндегі кестеде:

"Телефонмен сөйлесулер" деген барлық баған бойынша "4" деген сан " шектеусіз" деген сөзбенен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Келісілді

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б а с П р о к у р о р ы н ы ң
б і р і н ш і о р ы н б а с а р ы

(өз қолы)

2004 жылғы 7 маусым